


**Қаралды:**  
Педагогикалық кеңес  
отырысында  
«25»тамыз 2022ж

**Келісілген:**  
Әдіскер  
**Сәркей Э.А.**  


**Бекітемін:**  
«Облыстық арнайы мектеп-балабақша»-  
КММ директоры  
**Аймағанбетова Э.М.**  
  


**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 -2023 оқу жылына арналған №5 «Балапан» ересек тобында (4 жас) ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Тәрбиешілер:**Карагойшина А.Р.,Мәлік Р.О.

**Логопед:**Балмағанбетова Г.С.

**Дефектолог:**Сәркей Э.А.

**Денешынықтыру жетекшісі:**Анапина А.К

**Музыка жетекшісі:**МукановаТ.И

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ**

**№5 «Балапан» ересек тобы**

**Кезең: 2022-2023 оқу жылы**

**Қыркүйек 2022-2023 оқу жылы**

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|----------|---------------------------|--|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірден жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың.</p> <p>Жүгіру: сапта бір бірден, шеңбер бойымен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Көлбеу тақтай бойымен торттағандап еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру: қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: заттардың арасымен доптарды бір біріне домалату.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірден сапқа тұру, шеңберге тұру.</p> <p>Ырғақты жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулары.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолдарын алға артқа сермеу, қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға, екі жаққа, жоғары сермеу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> |

|           |  |   |
|-----------|--|---|
|           |  | <p>Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды қойып, оңға солға бұрылу(жылдам және бір қалыпта)</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру.Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Велосипед тебу. Үш дөнгелекті велосипед тебу.</p> <p>Қимылды ойындар; Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылық, күш, ептілік) дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Балаларды педогогпен бірге жаттығуларды орындауға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі ( таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кенейту.</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолы өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы) , майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру шынықтыру шаралары. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шоптің үстімен жалан аяқ жүру. Дымқыл шүберекпен сүртінуді шараларын жүргізу, ауызды шаю, Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> |
| Құрастыру |  | <p>Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.</p>   |

|     |  |  |
|-----|--|--|
|     | Бейнелеу   | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.  |
|     | Мүсіндеу   | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу,   |
|     | Жапсыру  | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.  |
|     | Музыка   | <b>Музыка тыңдау.</b><br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауға үйрету.<br><b>Ән айту.</b><br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b><br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру<br><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</b><br>Таныс әндерді орындауда музыкалық аспаптарды қолдану.<br><b>Билер:</b><br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажыратуды есте сақтау. |
| Айы | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
|     | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <b>Жиын.</b><br>Балаларға жиын туралы түсінік беру.  |

|          |   |  |
|----------|---|--|
| қыркүйек |   | <p><b>Сан, санау..</b><br/>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шама.</b><br/>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы ұғымдарын кеңейту.</p>   |
|          | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру</p> |
|          | <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ұсынылған 2-3 үлгінің шамасында заттарды олардың бейнелерімен салыстыру.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптардың (дағыра, пианино, бубен үшеуінен таңдау) дыбыстарын жіктей отырып әсерін білдіру.</p>   |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  | <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту:заттарды сөз бойынша ("Маған үлкен допты бер, кіші допты бер") және сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау</p> <p>Дәм сезуді дамыту: ыстық және суық тамақ туралы түсінікті қалыптастыру</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p> | <p>Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> |

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

Қазан 2022-2023 оқу жылы

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|-------|---------------------------|---|
| Қазан | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: сапта бір бірден жүру, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру: сапта бір бірден, шеңбер бойымен, жыланша жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтыққа заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңтектеу, құрсаудан еңбектеу.</p> <p>Секіру: 4-5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір бірден сапқа тұру, шеңберге тұру. Ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> |

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды алға, қолды екі жаққа созу, қолдың білектерін айналдыру, қолды екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.

Аяққа арналған жаттығулар. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру, аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.

Спорттық жаттығулар.

Велосипед тебу. Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылы, күш, икемділікті) дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балаларды педогогпен бірге жаттығуларды орындауға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тізін тазалауға үйтеру. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы),

|  |           |  |
|--|-----------|--|
|  |           | <p>майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейіг ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Дымқыл шүберекпен сүртіну шараларын жүргізу, әр бір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.</p>   |
|  | Құрастыру | <p>Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылысбөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> |
|  | Бейнелеу  | <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>   |
|  | Мүсіндеу  | <p>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p>  |

|       |  |  |
|-------|--|--|
|       | Жапсыру  | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.  |
|       | Музыка   | <b>Музыка тыңдау.</b><br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету.<br><b>Ән айту.</b><br>Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br>Марш сипатын ырғақты жүріспен беруді үйрету.<br><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b><br>Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br><b>Билер:</b><br>Кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды үйрету. |
| Айы   | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
| Қазан | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <b>Жиын.</b><br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түсте кездесетіні туралы түсінік беру<br><b>Сан, санау.</b><br>Реттік сан есімдерді атау дағдыларын дамыту.<br><b>Шама.</b><br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.  |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  |   | <p>Ұзындығы, ені, бойынша екі затты салыстыру</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы ұғымдарын кеңейту.</p>  |
|  | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру</p> |
|  | <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: көлемді геометриялық пішіндерді (текше, шар, кірпіш) қораптың сәйкес келетін ойығына байқап көру тәсілімен итеру.</p>  |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  | <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптардың (дағыра, пианино, бубен үшеуінен таңдау) дыбыстарын жіктей отырып әсерін білдіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сөз бойынша ("Маған үлкен допты бер, кіші допты бер") және сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау; үлгі бойынша көлемі мен пішіні бойынша таңдау.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: ыстық және суық тамақ туралы түсінікті қалыптастыру;</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p> | <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға.</p> |

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

Қараша 2022-2023 оқу жылы

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|--------|---------------------------|---|
| Қараша | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірден жүру. Өкшемен адымдап, қысқа қадаммен жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: Тақтайдың бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың, бөрененің үстіне қойылған заттардан аттап өту, қолды екі жаққа созып жүру.</p> <p>Жүгіру: сапта бір бірден жүгіру, шашырап жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: 50 сантиметр биіктікте ілінген арқаннан астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру: Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру,</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты бір біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 метр арақашықтықта)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірден сапқа тұру, сапқа және шеңберге тұру, бағыт бойынша түзелу.</p> <p>Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> |

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, төмен түсіру, қолдарын арқасына апару қолдарын төмен түсіру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға солға бұрылу (жылдам және бір қалыпта)

Аяққа арналған жаттығулар. Қаттарынан 4-5 ретжартылай отыру. Өкшені айналдыру.

Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың жаса және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарын орындауы үшін жағдайлар жасау. Қимылды ойындарға қатысуға тарту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымды қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың пайдасы туралы түсінік беру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тізін тазалауға үйтеру, таракты, қол орамалды пайдалана білуге бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (касық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды үйрету.

Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Дымқыл

|           |  |
|-----------|--|
|           | шүберекпен сүртінү шараларын жүргізу, ауызды шаю. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.  |
| Құрастыру | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| Бейнелеу  | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).   |
| Мүсіндеу  | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.  |
| Жапсыру   | Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.  |
| Музыка    | <b>Музыка тыңдау.</b><br>Таныс шығармаларды білууге үйрету.<br><b>Ән айту.</b><br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>  |

|        |  |  |
|--------|--|--|
|        |  | <p>Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл секіруді үйрету.<br/> <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b><br/> Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнауды үйрету<br/> <b>Билер:</b><br/> Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>  |
| Айы    | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
| Қараша | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <p><b>Жиын.</b><br/> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, заттардан тұратындығы туралы түсінік беру</p> <p><b>Сан, санау.</b><br/> Қорытынды санды атау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шама.</b><br/> Ұзындығы, ені, бойынша екі затты салыстыру</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/> Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.</p> |

|   |   |
|---|---|
| <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға</p>                             |
| <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі (дөңгелек, шаршы) қораптарға қақпақ таңдау, байқау арқылы қақпақтың пішінінің қорап пішініне қатысын анықтау.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптардың (дағыра, пианино, бубен үшеуінен таңдау) дыбыстарын жіктей отырып әсерін білдіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту:заттарды сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: әртүрлі дәмдік сезім "тәтті-ащы" туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> |
| <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p>              | <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p>   |

Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.

Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.

Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.

Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.

Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.

Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен ( ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

### Желтоқсан 2022-2023 оқу жылы

| Айы       | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-----------|---------------------------|--|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірден жүру, жан жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), бағытты, қарқынды өзгертіп жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту.</p> <p>Жүгіру: сапта бір бірден, аяқтың ұшымен, жыланша шашырап жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу, гимнастикалық қабырғаға жоғарыө төмен айыспалы қадаммен өрмелеу.</p> <p>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Оң және сол қолымен көлденен қойылған нысанаға (2-2.5 метр қашықтықтан). допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірден сапқа тұру, бір бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден бір қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу.</p> |

Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, төмен түсіру, қолдарын арқасына апару қолдарын төмен түсіру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың асынан затты бір қолдан екінші қолға беру.

Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру.

Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру.

Құм садынған қалтаны өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.

Спорттық жаттығулар.

Шанамен сырғанау. бір бірін сырғанату. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.

Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артнан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп шешу.

Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.

Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылдық, дербестік танытуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарын орындауы үшін жағдайлар жасау

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Құлап қалған жағдайда өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге

|           |  |  |
|-----------|--|--|
|           |  | <p>жүгінуге баулу. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту, Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) туралы түсінікті кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолы өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Ауызды шаю.</p> |
| Кұрастыру |  | <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу.</p>   |
| Бейнелеу  |  | <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу.</p>   |
| Мүсіндеу  |  | <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>   |

|           |  |   |
|-----------|--|---|
|           | Жапсыру  | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.   |
|           | Музыка   | <b>Музыка тыңдау:</b><br>Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу<br><b>Ән айту.</b><br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br>Ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып секіруді үйрету.<br><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b><br>Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.<br><b>Билер:</b><br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. |
| Айы       | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>   |
| Желтоқсан | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <b>Жиын.</b><br>Заттарды салыстыру<br><b>Сан, санау.</b><br>Реттік сан есімдерді атау және қорытынды санды атауға үйрету.<br><b>Шама.</b><br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру.  |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  |   | <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>  |
|  | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Балалар сөздігіне мағынасы қарама-қарсы сөздерді – антонимдерді енгізу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу</p> |
|  | <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: педагогтың әрекетіне еліктеу жағдайында (қуыршаққа киімдерді түсіне қарай таңдау) түстерді (қызыл, сары, жасыл) ажырату.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптардың дыбыстарын жіктей отырып әсерін білдіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттар мен нысандарды "дымқыл" - "құрғақ" (сүлгі, тас) белгілері бойынша жіктеу.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: әртүрлі дәмдік сезім "тәтті-ащы" туралы түсініктерін қалыптастыру</p>  |

**Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту**

Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.

Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, тұман, қар, бұршақ, боран) кеңейту.

Определять состояние погоды в календаре наблюдений, одеваться по погоде.

Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.

Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.

Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.

Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

### Қаңтар 2022-2023 оқу жылы

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|--------|---------------------------|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.<br/>Жүру: Сапта бір бірден жүру, бағытты және қарқынды өзгертіп кіші және ірі қадамдармен жүру.<br/>Тепе-теңділікті сақтау: Көлбеу тақтай үстімен (ені 20 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру.<br/>Жүгіру:Сапта бір бірден жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып; шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.<br/>Еңбектеу, өрмелеу: Гимнастикалық скамейка бойымен еңбектеу.50 сантиметр биіктікке ілінген арқанның астынан еңбектеу.<br/>Секіру: Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен оң және сол аяқты алмастырып секіру.<br/>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты бір біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта)<br/>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірден сапқа тұру, бір бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу.</p> |

Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды алға созып, саусақтарды жұму ашу, қолдың білектерін айналдыру.

Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру.

Аяққа арналған жаттығулар. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.

Спорттық жаттығулар.

Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұзды жолмен өз бетінше сырғанау.

Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артнан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп шешу.

Қимылды ойындар. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен ойындарын қолдау. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.

Ауа райынын жағдайларын ескеріп таза ауада бапалардың қимылдарды орындау үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту; Дене белсенділігі (шынықтыру,

|  |           |  |
|--|-----------|--|
|  |           | <p>спорттық және қимылды ойындар) туралы түсінік кеңейту. Өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатының түсіну. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары; өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> |
|  | Құрастыру | <p>Қағаздан құрастыру.<br/>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру.</p>  |
|  | Бейнелеу  | <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p>  |
|  | Мүсіндеу  | <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br/>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.</p>   |

|      |  |  |
|------|--|--|
|      | Жапсыру  | Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.   |
|      | Музыка   | <b>Музыка тыңдау</b><br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)<br><b>Ән айту.</b><br>Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br>Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыруды үйрету.<br><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b><br>Асатаяқ аспабында қарапайым әуендерді ойнауды үйрету<br><b>Билер:</b><br>Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды орындауға үйрету. |
| Айы  | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
| Қаңт | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <b>Жиын.</b><br>Заттарды салыстыру негізінде теңдігін анықтай білу   |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  |   | <p><b>Сан, санау.</b><br/>"Қанша болды?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету</p> <p><b>Шама.</b><br/>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>  |
|  | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>   |
|  | <p><b>Сенсорика</b></p>                                  | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: көлемді геометриялық пішіндерді (текше, шар, кірпіш) қораптың сәйкес келетін ойығына байқап көру тәсілімен итеру; көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі (дөңгелек, шаршы) қораптарға қақпақ таңдау, байқау арқылы қақпақтың пішінінің қорап пішініне қатысын анықтау.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сөз бойынша ("Маған үлкен допты бер, кіші допты бер") және сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: ыстық және суық тамақ туралы түсінікті қалыптастыру; ыстық және суық сусындарды (шай, шырын) жіктеу.</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p> | <p>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p> <p>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  | <p>салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.<br/>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> |
|--|--|--|

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

Ақпан 2022-2023 оқу жылы

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-------|---------------------------|--|
| Ақпан | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірден жүру, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: Үрленген доптардан (бір бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Гимнастикалық скамейка үстімен жүру.</p> <p>Жүгіру: Тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден жыланша шашырап жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу.</p> <p>Секіру: Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. 20-25 сантиметр биіктіктен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірден сапқа тұру, бір бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру, араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> |

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды алға созып саусақтарды жұму және ашу, қолды алға, екі жаққа жоғары көтеру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю.

Аяққа арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отыру. Аяқтың бакайларымен жіпті жинау.

Спорттық жаттығулар.

Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұзды жолмен өз бетінше сырғанау.

Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артнан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп шешу.

Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдылық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балаларды қимылды ойындарға қатысуға тарту. Спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру, Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райынын жағдайларын ескеріп таза ауада бапалардың қимылдарды орындау үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың көкөністер мен жемістердің дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік баулу. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолы өз бетінше сабынмен

|           |   |
|-----------|---|
|           | <p>жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы) , майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары; Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Ауызды шаю</p> |
| Құрастыру | Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.   |
| Бейнелеу  | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.   |
| Мүсіндеу  | Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.   |
| Жапсыру   | Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.  |
| Музыка    | <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен)</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p>   |

|       |  |  |
|-------|--|--|
|       |  | <p>Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту барысында әсем етіп жасауға үйрету.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Домбыра аспабында қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.</p> <p><b>Билер:</b><br/>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p>  |
| Айы   | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
| Ақпан | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <p><b>Жиын.</b><br/>Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p><b>Сан, санау.</b><br/>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.</p> <p><b>Шама.</b><br/>Бірнеше затты өсу ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.</p> |

|   |   |
|---|---|
| <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс) байыту. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Фонематикалық естуді дамыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p> |
| <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: педагогтың әрекетіне еліктеу жағдайында (қуыршаққа киімдерді түсіне қарай таңдау) түстерді (қызыл, сары, жасыл) ажырату</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды пішіні, түсі, көлемі бойынша топтастыру.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: тамақты "тәтті-ащы" дәмі бойынша анықтау.</p>   |

**Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту**

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.

Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.

Заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.

Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересек тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

### Наурыз 2022-2023 оқу жылы

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|--------|---------------------------|--|
| Наурыз | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірден өкшемен аяқтың сыртқы кырымен жүру. Тепе-теңділікті сақтау: еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту.</p> <p>Жүгіру:Сапта бір бірден жыланша ұсақ және ірі адыммен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру: 4-5 сызықтан аттап ( сызықтардың ара қашықтығы 40-50), орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолмен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Сапқа тұру.оңға бұрылу, екеуден, үшеуден бірінің артынан тірі қатарға тұру.</p> <p>Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> |

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды йыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру, тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.

Аяққа арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.

Шанамен сырғанау: бір бірін сырғанату.

Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Доптармен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Денешынықтыру құралдарын, спортты және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райынын жағдайларын ескеріп таза ауада баплалардың қимылдарды орындау үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға күтуге болатыны туралы түсінік беру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тасақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.

Сауықтыру- шынықтыру шаралары.

Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Денсаулық зор байлық сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға

|           |  |
|-----------|--|
|           | әсерін , тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатының түсіну. Дымқыл шүберекпен сүртінуге, ауызды шаю.  |
| Құрастыру | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.  |
| Бейнелеу  | Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| Мүсіндеу  | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.  |
| Жапсыру   | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.   |
| Музыка    | <b>Музыка тыңдау.</b><br>Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.<br><b>Ән айту.</b><br>Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.<br><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>   |

|        |  |   |
|--------|--|---|
|        |  | <p>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдауды сезінуге үйрету.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Сазсырнай аспабында қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.</p> <p><b>Билер:</b><br/>Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту арқылы орындауға үйрету.</p>   |
| Айы    | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>   |
| Наурыз | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <p><b>Жиын.</b><br/>Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p><b>Сан, санау.</b><br/>Тең ұғымын қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b><br/>Заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін енді-енсіз сын есімдермен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b></p> |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  |   | <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.</p>   |
|  | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (киім, аяқ киім), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында). Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Балаларды түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу</p> |
|  | <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: педагогтың әрекетіне еліктеу жағдайында (қуыршаққа киімдерді түсіне қарай таңдау) түстерді (қызыл, сары, жасыл) ажырату; 2 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: фонетикалық талдаусыз буын құрамы әртүрлі сөздерді есту арқылы ажырату.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сөз бойынша ("Маған үлкен допты бер, кіші допты бер") және сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау.</p>  |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>Дәм сезуді дамыту: әртүрлі дәмдік сезім "тәтті-ащы" туралы түсініктерін қалыптастыру</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p> | <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> |

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересектер тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

Сәуір 2022-2023 оқу жылы

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері   |
|-------|---------------------------|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Сапта бір бірлеп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, өкшемен аяқтың сыртқы қырымен, жүруді жүгірумен алмастырып жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: тақтайдың, гимнастикалық скамейканың бойымен, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту.</p> <p>Жүгіру: Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып алға қарай еңбектеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.</p> <p>Секіру: 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Заттардың арасымен құрсауларды бір біріне домалату, заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5- 6,5 метрден кем емес)</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Сапқа тұру, оңға, солға бұрылу, қатарға тұру. Екеуден, үшеуден, бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу.</p> |

Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу, қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта кезекпен). Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып екі аяқты кезек бұгу және жазу. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етбетінен бұрылып жату.

Аяққа арналған жаттығулар. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.

Спорттық жаттығулар.

Велосипед тебу. Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу, оңға, солға бұрылу.

Қимылды ойындар. Доптармен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді ( жылдамдылық, күш, жыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп таза ауада бапбалардың қимылдарды орындау үшін жағдайлар жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы

|           |  |
|-----------|--|
|           | <p>түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.Өз бетінше киіну мен шешінуді,киімдеді жинауды, тісін тазалауды жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Дымқыл шүберекпен сүртінуді,аяқтарды, ауызды шаю.</p> |
| Құрастыру | <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>  |
| Бейнелеу  | <p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p>   |
| Мүсіндеу  | <p>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>  |

|       |  |  |
|-------|--|--|
|       | Жапсыру  | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.   |
|       | Музыка   | <p><b>Музыка тыңдау.</b><br/>Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p><b>Ән айту.</b><br/>Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br/>Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулуға үйрету.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді орындауға үйрету.</p> <p><b>Билер:</b><br/>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> |
| Айы   | <b>Арнайы түзету іс-әрекеті</b>                      | <b>Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері</b>  |
| Сөуір | <b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b> | <p><b>Жиын.</b><br/>Балаларға жиын туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p>  |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  |   | <p><b>Сан, санау.</b><br/>Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру.</p> <p><b>Шама.</b><br/>Заттарды салыстыру ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.</p> |
|  | <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Өлеңдерді жаттауда түрлі</p>   |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  |   | интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.   |
|  | <b>Сенсорика</b>                                  | <p>Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ұсынылған 2-3 үлгінің шамасында заттарды олардың бейнелерімен салыстыру.</p> <p>Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды пішіні, түсі, көлемі бойынша топтастыру; заттар мен нысандарды "дымқыл" - "кұрғақ" (сүлгі, тас) белгілері бойынша жіктеу.</p> <p>Дәм сезуді дамыту: тамақты "тәтті-ащы" дәмі бойынша анықтау</p>   |
|  | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b> | <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.</p> <p>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қорын зат есімдермен толықтыру.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> |
|--|--|---|

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы» КММ

№5 «Балапан» ересектер тобы

Кезең: 2022-2023 оқу жылы

Мамыр 2022-2023 оқу жылы

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-------|---------------------------|--|
| Мамыр | Дене шынықтыру            | <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: бөрененің бойымен жүру; Еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту,</p> <p>Жүгіру: Сапта бір бірден, шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1-1.5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Бөренеден аттап өту, етбетімен жатып гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу, табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру: бір орында тұрып қос аяқпен секіру, қысқа секіргішпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысанаға ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға затты лақтыру.</p> |

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Сапқа тұру, оңға, солға бұрылу, орнында айналу, бір бірден сапқа тұру, екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу.

Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды кеуденің алдына қою, қолды екі жаққа, төменге түсіру. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

Кеудеге арналған жаттығулар. Етпетімен жатқан қалыпта ийықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.

Аяққа арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отыру. Құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.

Спорттық жаттығулар.

Велосипед тебу. Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу, оңға, солға бұрылу.

Қимылды ойындар. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді ( жылдамдылық, күш, жыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережесін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа райының жағдайларын ескеріп, таза ауда балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Балаларды қимылды ойындарға қатысуға тарту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге

|           |  |   |
|-----------|--|---|
|           |  | <p>жүгінуге баулу. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Денмаулық зор байлық сөзінің мәнін түсіну, өзінің іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатының түсіну, Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды, ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды, киімін жинауды жетілдіру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Дымқыл шүберекпен сүртіну.</p> |
| Құрастыру |  | <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>  |

|          |   |
|----------|---|
| Бейнелеу | Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.  |
| Мүсіндеу | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.   |
| Жапсыру  | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.   |
| Музыка   | <p><b>Музыка тыңдау.</b><br/>Таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,</p> <p><b>Ән айту.</b><br/>Әндердің сөзін анық айту барысында, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br/>Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p><b>Билер:</b><br/>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p> |

| Айы   | Арнайы түзету іс-әрекеті                                    | Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері   |
|-------|---|--|
| Мамыр | <p><b>Математика негіздері бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p><b>Жиын.</b><br/>Балаларға жиын туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу</p> <p><b>Сан, санау.</b><br/>"Қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Шама.</b><br/>Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.</p> |

|   |  |
|---|--|
| <p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет бойынша түзету жұмыстары</b></p> | <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.</p> |
| <p><b>Сенсорика</b></p>   | <p>Педагогтың әрекетіне еліктеу жағдайында (қуыршаққа киімдерді түсіне қарай таңдау) түстерді (қызыл, сары, жасыл) ажырату, 2 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру. Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту:</p> <p>заттар мен нысандардың температурасын "ыстық" - "суық" (ыдыс, су, құм) белгілері бойынша ажырату</p>   |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>Дәм сезуді дамыту: әртүрлі дәмдік сезім "тәтті-ащы" туралы түсініктерін қалыптастыру; тамақты "тәтті-ащы" дәмі бойынша анықтау</p>   |
|  | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту</b></p> | <p>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p> <p>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, сөйлеуде қолдану.</p> |

